



ӘСКЕРДЕН ЖАЛТАРУДЫҢ АСТАРЫ

6-БЕТ | ҚОҒАМ



БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ЖУСАН ИІСІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

КӨПKE ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Елімізде тамыз айының алғашқы жексенбісінде Көлік қызметкерлерінің күні атап өтіледі. Көлік кешені – отандық экономиканың күретамаыры, стратегиялық маңызды сегменттерінің бірі. Ол елдің өнеркәсіптік және технологиялық әлеуетін нығайтуда, өңіраралық және халықаралық байланыстарды дамытуда үлкен рөл атқарады. Осындай ауқымды саланың басты кейіпкерлері, әрине, көлік қызметкерлері.



4

№92
(4525)
Сенбі
5 тамыз
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



20 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚТАДЫҚ

Қазақстанда халық саны 2023 жылғы 1 шілдедегі дерек бойынша 19 899 377 адамға жетті. Бұл деректі Ұлттық статистика бюросы жариялады.

Қазақстандықтардың саны соңғы бір айда 20 мыңнан аса адамға өскен. 2023 жылғы 1 маусымдағы дерек бойынша Қазақстандағы халық саны 19 879 003 адам болған.

Елімізде қала тұрғыны 12 317 671 адамға, ауыл тұрғыны 7 581 706 адамға жетті. Тұрғындар саны бойынша Алматы қаласы бірінші орында, бұл мегаполисте ресми тіркелген 2,1 млн адам тұрады. Екінші орында 2,1 млн тұрғыны бар Түркістан облысы тұр. Халық саны жөнінен алғашқы үштікті 1,5 млн тұрғынымен Алматы облысы түйіндеді. Төртінші көрсеткіш Астанаға тиесілі. Елордада 1 383 291 адам, ал Шымкентте 1 205 889 қазақстандық тұрады.



5

ӘРІ ТЫНЫҒАДЫ, ӘРІ ШЫНЫҒАДЫ

Жаз айлары – балалардың толыққанды демалып, денсаулықтарын нығайтуға, жаңа оқу жылының күшпен бастауға қолайлы уақыт. Жаз маусымы басталысымен оқушылардың арманына арқау болатын демалыс орындары мен балалар лагерьлері 29 тамызға дейін өз жұмыстарын жалғастырды. Елорда сыртында «Арман» және «Боровичок» жазғы сауықтыру-спорт лагерьлері бар. Олар Ақмола облысының Ақкөл ауданында орналасқан. Астаналық балалар онкүндік жазғы демалысын осы лагерьлерде өткізеді. Қазірдің өзінде 1363 бала барды. Оның ішінде 500 бала «Жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту» бағдарламасы аясында тегін қамтылды.



«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР

ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС БАР

Жыл басынан бері Астана қаласында жұмыс іздеген 8 мың адам жұмыспен қамтылды.

Астана қаласы әкімдігінің «Жұмыспен қамту орталығы» мекемесінің ұйымдастыруымен биыл әзірге 12 жұмыс жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Соңғы жәрмеңкеде 80 жұмыс беруші кәсіпорын 680 жұмыс орнын ұсынды.

Астана қаласының әкімдігі жас мамандарға, жалпы жұмыс іздеуші жастарға арналған «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс», «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» бағдарламаларын жүзеге асырып келеді.



3

КӨЛІК КАРТАСЫН ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

Жақында жаңа оқу жылы басталады. Демек, қалада қоғамдық көлікте жүрушілер саны артады. Астанада мектеп оқушылары қоғамдық көлікте тегін жүреді, бірақ оларда көлік картасы болуы тиіс.

«Елордада қала және қала маңындағы елді мекендерде тұратын 18 жасқа дейінгі оқушылар қоғамдық көлікте тегін жүреді. Ол үшін мектеп көлік картасы болуы керек және оны автобус салонында валидациялау қажет» делінген CTS компаниясының хабарламасында.
Мектеп көлік картасын екі жолмен алуға болады:
1. Р.Қошқарбаев даңғылы, 50/1 мекенжайындағы Орталық касса арқылы;
2. Transcard.kz сайтында онлайн тапсырыс беру арқылы.
Мектеп көлік картасын алғашқы шығару құны – 1000 тт. Қайта шығару – 2000 тт. Картаның жарамдылық мерзімі – 5 жыл.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 488.39 \$ USD/KZT 445.04 ₸ RUB/KZT 4.84 ¥ CNY/KZT 62.11

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр қатты пайдалы қазбалар мен көмірсутек шикізаты кен орындарын мемлекет меншігіне қайтару мәселесі бойынша кеңес өткізді.

Үкімет шарт талаптарын бұзған жер қойнауын пайдаланушылармен жасалған келісімшарттар мен лицензияларды қайта қарау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес, уәкілетті органдар 118 келісімшартты (2023 жылдың басынан бері – 19 келісімшарт) және қатты пайдалы қазбалар бойынша 245 лицензияны (2023 жылдың басынан бері – 42 лицензия), сондай-ақ көмірсутек шикізаты бойынша 27 келісімшартты (2023 жылдың басынан бері – 15 лицензия) бұзды.

Нәтижесінде алтын, көмір, темір, мыс, көмірсутектер, бок-

ситтер, полиметалдар және т.б. кен орындары мемлекеттік қорға қайтарылды, олар кейіннен жаңа инвесторларға беру үшін ашық аукционға шығарылады. Бұл жер қойнауын пайдалану саласында қосымша инвестициялар ағынын қамтамасыз етеді. «2023 жылы өткізілген аукциондардың қорытындысы бойынша ел бюджетіне 1,5 млрд теңге көлемінде қол қою бонусы төленді. Бұл ретте көмірсутек шикізатын барлау бойынша жаңа инвестициялар 15,7 млрд теңгеден асады» делінген хабарламада.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша аукционға барлық мүдделі инвестор қатыса

алады. Оларды өткізу туралы ақпарат міндетті түрде республикалық мерзімді басылымдарда және мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына орналастырылады.

Бұл ретте уәкілетті органдар қаржылық міндеттемелерді бұзған жер қойнауын пайдаланушыларға айыппұл санкцияларын қолдану бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Осылайша, мемлекет есебіне қатты пайдалы қазбалар бойынша 934 млн теңге айыппұл өндірілді (2023 жылдың басынан бері 603 млн теңге), сондай-ақ көмірсутек шикізаты саласындағы 9 келісімшарт бойынша 1,94 млрд теңге берешек өтелді.



ҚАҺАРМАНҒА ҚҰРМЕТ

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек Щучье көлінде батып бара жатқан баланы аман алып қалу үшін өз өмірін қиған педагог Александр Руденконың отбасына барды.

Қала әкімі Мемлекет басшысының атынан оның отбасына II дәрежелі «Айбын» орденін табыс етті.

– Александр Руденконың

отбасы мен жақындарына көңіл айтамын. Александр Иванович ұлағатты ұстаз, өз ісінің білікті маманы еді, елордадағы №32 мектеп-гимназиясында еңбек

етті. Ол – біздің қаһарманымыз, оның сын сәттегі батылдығы мен жанқиярлық ерлігі мәңгілік есімізде сақталады, – деді Ж.Қасымбек.



ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкеннің төрағалығымен қалалық Ономастика комиссиясының кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде қала көшелері мен саябақтарына, мектептерге атау беру және «Тарихи тұлғалар» тізімін қалыптастыру мәселелері қарастырылды.



Көшелер мен даңғылдарға атау беру жөнінде 53 ұсыныс, білім мекемелеріне атау беру жөнінде 15 ұсыныс, «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізу үшін 90-ға жуық ұсыныс талқыланды.

«Қала қарқынды дамығанымен, көшелер мен даңғылдарға,

мектептерге атау беруде барынша саралау, ғалымдармен жан-жақты талқылау маңызды» деді Есет Байкен.

Басқосуда кейбір ұсыныс қанағаттандырылса, кейбірін қарау кейінге қалдырылды, ал кейбірінен бас тарту туралы шешім шығарылды.

ЭКОТУРИСТЕР ЕКІ ЕСЕ КӨБЕЙДІ

Соңғы үш жылда Қазақстанда экотуристер саны екі еседен астам өсті.

Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметінше, 2020 жылы экотуристер саны 985 мың болса, 2022 жылдың соңында олардың саны екі миллионға жеткен. «Бұл Қазақстандағы экологиялық туризмнің даму динамикасы және елдегі экотуризм мәдениетінің қалыптасқанының көрсеткіші.

Сондай-ақ республиканың ұлттық саябақтарында жаңа туристік нысандар: визит-орталықтар, кемпингтер мен глампингтер салынып жатыр. Онда қонақтарға жергілікті экожүйе және жабайы жануарлар, туристік маршруттар, тасымалдау пункттері және т.б. туралы ақпарат беріледі» деді Мәдениет және спорт

вице-министрі Ержан Еркінбаев. Ведомство таратқан мәлімет бойынша, соңғы екі жылда Қазақстанның ұлттық парктерінде 14 визит-орталық ашылды, оның жетеуі жеке инвесторлардың қаражатын тарта отырып салынды. Елдегі глампингтер саны биыл 38-ге жетті.



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

– Қайырымдылық акциясының мақсаты – аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы нашар отбасы балаларына, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, балалардың әлеуметтік себептермен мектепке бармауын болдырмау. Қаланың әрбір тұрғыны шама-шарқы жеткенше арнайы жәшіктерге оқу құралы мен мектеп формасын салып, оқушылардың сапалы білім алуына үлес қоса алады. Былтыр Байқоңыр ауданында акция аясында 1000-ға жуық оқушы кеңсе

тауарымен қамтылды, – деді Ерлан Жаулыбаев.

Биыл Байқоңыр ауданындағы 17 мектепке 2521 оқушы 1-сыныпқа қабылданады. Ал 11-сыныпта 1142 оқушы бітіреді. Елорданың ескі бөлігінде орналасқан ауданда көмекті керек ететін отбасылар аз емес. Оның үстіне, ауданда тұрақты мекенжайы жоқ тұрғындар бар.

2008 жылы басталған «Мектепке жол» республикалық акциясы қанша отбасының әлеуметтік және гуманитарлық көмек алуына жол ашты? Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов айтып берді.

– Былтыр қайырымдылық акциясы аясында 546

миллион теңгеге елорданың 8000 оқушысы қолдау тапты. Биыл 8500 баланы қамту жоспарда бар. Бұл бағытта әріптестерім, кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметкерлер, қоғам белсенділері атсалысып, сауапты бастамаға дем беретініне сенемін.

2022-2023 оқу жылы халықтың әлеуметтік осал тобына жататын балаларды мектеп формасы және оқу құралымен қамтамасыз етуге әр балаға 40000 теңге бөлініп, Астанада 13500 баланы құрады. 2023-2024 оқу жылы бір оқушыға 41000 теңгеге жетіп, 14500 оқушы қамтылады. Бұл бойынша бюджеттен тиісті қаржы бөлінді, – деді мәслихат төрағасы.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Италия үкіметі табысы төмен және жұмыссыз адамдардың отбасына жәрдемақы төлеуді тоқтатты.

Мұндай жәрдемақы беру ережесі 2019 жылы енгізілген еді.

70 мың отбасы енді қолдау қаражатын ала алмайтын болды. Ескертпе СМС-хат арқылы жіберілген. Енді билік бюджет қаржысын үнемдеп, жәрдемақы төлеудің орнына азаматтарды арнайы курстардан өткізіп, жұмыс орындарын көптеп ашуға ниетті. Жағымсыз жаңалық халықтың ашу-ызысын туғызды.



Вашингтон соты Дональд Трампқа 2020 жылғы президент сайлауының нәтижесін бұрмалады деген ресми айып тақты.

АҚШ-тың бұрынғы басшысы тағылған айыпты мойындамай отыр. Кезекті сот отырысы 28 тамызға белгіленген. Ол күні сот үдерісін бастаудың ресми мерзімі айқындалмақ. Трамп келесі жылы өтетін президент сайлауына да қатысуға ниетті. Республикалық партиядағы жақтастары оны бірауыздан қолдап отыр.



Жапонияда тіл білмейтін шетелдіктер үшін метро станцияларында «ақылды экрандар» пайда болды.

Өткен айда сол елге 2 миллионнан аса шетелдік барған. Сондықтан Токио метросында жапон тілін білмейтін саяхатшылар үшін тың технология енгізілді. Мұнда кезекшілер мен шетелдіктер арнайы дисплейдің көмегімен сөйлесе алады. Сөздері қажетті тілге аударылып, әңгімесі мәтін ретінде экранда пайда болады. Бұл жапон тілін білмейтін турист үшін де, шет тілін білмейтін кезекші үшін де ыңғайлы.

КӨМЕКТИҢ КӨЛЕМІ ҚАНША?

Биыл әр балаға мектеп формасы мен оқу құралдарын сатып алуға бөлінетін материалдық көмек сомасының ең төменгі мөлшері – 40 567 теңге болып белгіленді. Бұл туралы Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан мәлім етті.



«Өткен жылы біздің министрлік көпбалалы және аз қамтылған ата-аналардың талаптарын ескере отырып, мектеп қажеттілігіне қаражат аудару туралы Үкімет қаулысына өзгеріс енгізді. Оған сәйкес әр балаға мектеп формасы мен оқу құралдарын сатып алуға бөлінетін қаражаттың ең төменгі мөлшері – 40 567 теңге болып белгіленді. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін бөлінетін сома 17 мыңнан басталған еді» деді Еділ Оспан Орталық коммуникациялар қызметі

алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

Оның айтуынша, ата-аналарға баласына мектеп формасы мен оқу құралдарын алу кезінде таңдау беріледі. «Енгізілген өзгерістер ата-аналар мен балаларға мектеп формасын, аяқ киімді, кеңсе тауарларын, әрі жеткізушілерді өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталған жаңашылдық балаларға бұрынғыдай сапасыз тауарлардың берілуіне жол бермейді» дейді министрдің орынбасары.

ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БӨЛЕК ЖИНАУ ТИІМДІ

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында «Астанада тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және шығару» тақырыбында «Clean City NC» ЖШС өндіріс бойынша басқарма басшысы Айбек Тұрсынбеков брифинг өткізді.

Экологиялық кодекстің 321-бабына сәйкес 2018 жылдан бастап Астанада «құрғақ» (қағаз, пластик, шыны, металл) және «дымқыл» (тамақ қалдықтары) екі фракция бойынша қалдықтарды бөлек жинау енгізілді.

«Құрғақ» фракцияны

жинау үшін пластикалық сары контейнерлер, ал «дымқыл» фракция үшін пластикалық жасыл және мырышталған металл контейнерлер қолданылады. Қоқысты сұрыптап салу қоқыс өңдеу зауытына қалдықтарды тиімдірек өңдеуге

және қайта өңдеу деңгейін арттыруға көмектеседі. Сары контейнерлерден ақ түсті қоқыс тасушы көлік, ал жасыл және металл контейнерлерден қызғылт сары қоқыс тасушы көлік шығарады. Күн сайын Астанада шамамен 700-800 тонна

қалдық шығарылады. Қазіргі уақытта бұл жұмыспен айналысатын «Clean City NC» ЖШС-інде 100-ге жуық арнайы техника бар. Ал қалада қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған 16 мыңнан астам контейнер қойылған.

ЖҰМЫС ІЗДЕСЕҢ, ЖӘРМӨҢКЕГЕ БАР

Кезекті бос жұмыс орындары жәрмеңкесі «Жастар» сарайында өтті. Жұмыс іздеушілермен бірге барып, қандай мамандарға сұраныс жоғары екенін білдік.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ



Астана қаласы әкімдігінің Еңбек мобильділігі орталығы ұйымдастырған жәрмеңкеде 80 компания 680 бос жұмыс орнын ұсынды. Қаржы, білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау, мемлекеттік қызмет, құрылыс, сауда-саттық саласы бойынша жұмыс ұсынған компанияларды көрдік. Жұмыс іздеуші адамдардың қарасы қалың. Көзге орта жас буынына жататындар көп көрінді.

«Жыл басынан бері 12-ші бос жұмыс орындар жәрмеңкесін өткіздік. Мұнда жұмыс орындар ішінде қызмет көрсету саласында бос жұмыс орны басым. Жәрмеңке жұмыс беруші мен жұмыс іздеп жүрген адамға үлкен мүмкіндік береді. Қажетті жұмыс

іздеп жүрген адам өзінің түйіндемесін бірнеше жұмыс берушіге ұсынса, жұмыс беруші де жәрмеңке кезінде өздеріне қажетті мамандарын тез табады. Осы айдың соңында тағы бір жәрмеңке өтеді. Ал жыл соңына дейін әлі 5 жәрмеңке өткіземіз деп жоспарлап отырмыз. Жалпы қазір елордада жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрайды» дейді Астана қаласы әкімдігінің «Жұмыспен қамту орталығы» мекемесінің директоры Олжас Омар.

– Жыл басынан 20 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді. Оған түрлі саладағы

282 жұмыс беруші 3878 вакансия ұсынды. 482 адам тұрақты жұмыс тапты, – деді Сарыарқа ауданы бойынша Мансап орталығының басшысы Бағила Орымбетова. Пушкин көшесі, 37/2 мекенжайындағы №1 автобус паркіне E, E1, D категориясы бар жүргізушілер керек екен. Бұл компанияның аға бақылаушысы Фания Құлманованың сөзінше, қоғамдық көлікті басқаратын адамдарға іріктеу жүруде. 5 жыл жұмыс өтілі бар жүргізушілерді жұмысқа қабылдауға дайын екен. Жалақысы да тұрақты, 400-500 мың теңгеден басталады.

Астана халықаралық

әуежайы 10 бос жұмыс орнын ұсынды. «Нұрбанк» АҚ елордадағы филиалы да қаржыгер, экономист мамандығы бойынша 4 вакансия ұсынды. Мектептер мен оқу орталықтарына да педагог мамандар керек. Соның бірі – №84 мектеп-лицейі. Білім ордасының кадр жөніндегі менеджері Жадыра Шаймұраттың сөзінше, информатика, математика, химия, қазақ және орыс әдебиеті, музыка пәндері бойынша және психолог, дефектолог, бастауыш сынып мұғалімдері қажет.

Жәрмеңке барысында «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс», «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламаларына кәсіптік оқыту және «Epbek.kz» порталымен жұмыс істеу жөнінде түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы Қуаныш Саттардың айтуынша, қолданыстағы заң бойынша жоғары оқу орындарының түлектерінде бір жыл ішінде төменгі мемлекеттік лауазымдарға конкурссыз орналасуға мүмкіндіктері бар екен.

Ұлыбританияда енді пошташылардың орнына дрондар қызмет етеді.

Аппараттар салмағы 6 келіден аспайтын хаттар мен сәлемдемелерді жеткізеді. Әзірге бұл қанатқақты жоба үш айға жоспарланған. Ойдағыдай өтсе, тұрақты түрде қызмет көрсетеді. Бастама жақтаушылары бұл өте тиімді екенін айтады. Өйткені кейде ауа райының қолайсыздығына байланысты шалғайдағы өңірлерге пошташылардың қатынауы қиындап кетеді.



Apple адам миын зерттейтін телефон құлаққабын жасап шығармақ. Жақында танымал компания биосигналдар мен мидағы толқындарды тіркейтін сымсыз құлаққапты патенттеді. Құрылығи ми мен жүректің түрлі ауруларын анықтауға мүмкіндік беретін электрокардиограмма жасайды. Мұны іске асыруға титімдей электродтар көмектеседі. Әзірге компания патентті өндіріске енгізген жоқ. Ол үшін мамандар алдымен нарықты зерттеп, жаппай сатылымға шығару қажеттігін бағамдауы тиіс.



ӨРТ СӨНДІРІП ОРАЛДЫ

100-ге жуық елордалық құтқарушы мен 20 бірлік мамандандырылған техника алғашқылардың бірі болып Абай облысына өрт сөндіруге аттанған еді.

Сондай-ақ орман өртін оқшаулау үшін 2 құтқару эшелоны құрылған, олар барлық іс-шара өткізілгеннен кейін орналасқан жеріне қайтып оралды.

Кеше Астана әкімі мен елордалық мәслихаттың атынан барлық жеке құрам алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапат-

талды. Астана мәслихатындағы отырғыстардың бірінде Абай облысындағы орман өртіне байланысты әкімдік пен мәслихат бекіткен елордалық құтқарушыларды дамыту мен қолдаудың үш жылдық бірлескен іс-шаралар жоспарына сәйкес ТЖД көмегін күшейту қажет деген шешімге келді.

Астана қаласы тұрғындарының және Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымның депутаттарының назарына!

2023 жылғы 9 тамызда сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымның кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласын басқару тәсімі туралы.

2. «Астана қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 30 наурыздағы № 4/1-VIII «Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымның тұрақты комиссияларының құрамдары

туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

4. «Астана қаласының құрметті азаматы атағын беру туралы» 2011 жылғы 19 тамыздағы № 480/68-IV Астана қаласы мәслихаты шешімінің күшін жою туралы.

5. «Астана қаласының құрметті азаматы атағын беру туралы» 2013 жылғы 27 маусымдағы №148/18-IV Астана қаласы мәслихаты шешімінің күшін жою туралы.

6. «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Халықтың жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №282/36-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

ГЕПАТИТКЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛУДЕ?

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында «Гепатитке қарсы күрес: аурудың алдын алу жолдары» тақырыбында Астана қаласы Гепатология орталығының басшысы Күнсұлу Шамсивалиева баспасөз мәслихатын өткізді.



Астанада осы жылдың жартыжылдық қорытындысы бойынша созылмалы вирустық гепатиттер, бауыр циррозы, бауыр трансплантациясы ем-шараларынан өткен 7563 пациент есепте тұр. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Қазақстанды Орталық Азия мен ТМД-да гепатитке қарсы күрес бағдарламаларын орындауда көшбасшылардың бірі деп таниды.

Елімізде вирустық гепатиттердің алдын алу жұмыстары кешенді түрде жүзеге асырылады. Яғни, ең алдымен вирус көздеріне, таралу жолдары мен

факторларына, инфекция жұқтыруға бейім халыққа көмек көрсетіледі.

1998 жылдан бастап В гепатитіне қарсы халықты вакцинациялау бағдарламасы жұмыс істейді. Сәбилер өмірге келген алғашқы күндерінен-ақ перзентханада В вирустық гепатитіне қарсы инфекциядан қорғайтын вакцина алады. Гепатиттің алдын алу жөніндегі шаралар кешеніне Қазақстандағы Ұлттық еске күнтізбесіне сәйкес жүргізілетін белсенді иммундау-вакцинация да кіреді. Екпелер емханалардың егу кабинеттерінде тегін жүргізіледі.

ШАҒЫН КӘСІП ИЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Астананың шағын бизнестегі үлесі 75%-ды құрады. Бұл көрсеткішке қол жеткізуде 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның әсері мол. Қалалық мәслихаттың бір топ депутаты жоба аясында жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттен грант алған үш жеке кәсіпкермен кездесті.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Асқар Смағұлов, Ғабит Тәжімұратов, Алтыншаш Табулдина, Арсланбек Мағзұм сынды халық қалаулылары алдымен Есідің оң жағалауындағы Мұхтар Әуезов көшесінде орналасқан «Шенберг» жеке кәсіпкерлігінің өндірісіне ат басын бұрды. Шеберхана иесі осыдан үш жыл бұрын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында өзінің бизнес идеяларын жүзеге асыру үшін мемлекеттен 5 млн теңге грант ұтып алды. Қайтарымсыз қаржыға өз шеберханасын ашқан Галина Шенберг содан бері АРОЛІ сауда маркасымен балаларда аллергия тудырмайтын табиғи ойыншықтар тігумен айна-

лысып келеді. Бұл мекеме былтыр қалалық «Үздік тауарлар» конкурсында «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинация бойынша екінші орынды жеңіп алған болатын. Бүгінде жеке кәсіпкер 4 адамды жұмыспен қамтып отыр. Олардың үшеуі тоқыма тоқу ісі бойынша шебер болып жұмыс істейді.

Одан әрі депутаттар «Green TAL» ЖШС-ге келді. Бұл жерде жеке кәсіпкер Эмин Әскеровтің жетекшілігімен балаларға арналған эко-дамытушы ойыншықтар өндіріледі екен.

– Алғашында кәсіпбимді тоқымашылықтан бастап, кәзіңке, құмыра секілді дүниелер тоқып, тұтынушыларға ұсындық. Бірақ, бұл бұйымдарға сұраныс болмағандықтан, идеям жүзеге аспай



қалды, кейін тоқымашылықты тоқтатып, орнына шеберхана, тігіншілік цехын аштым. Әлеуметтік бағытты қолға алған соң ерекше қажеттілігі бар, мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастырдым, – деді жеке кәсіпкер.

Сондай-ақ халық қалаулылары Сығанақ көшесіндегі «ИНЖСЕРВИС» ЖШС-не барып, Алмаз Айзахметов басқаратын Жылжымалы желдету цехының жұмысымен жақынырақ танысты. Мұндағылар ауа өткізгіштерді, фасонды бұйымдарды, дефлекторларды, дроссель-клапандарды, емізкітерді өндірумен айналысады екен.

Мемлекеттен қаржылай қолдау болғанымен, кәсіп бастаған жанның жолында кездесетін кедергілер туралы да баяндады. Қиындықтарға қарамастан жеке кәсіпкерлердің өз бизнесін дөңгелетіп, еліміздің дамуына үлес қосып отырғаны қуантады.

Жыл сайын тамыз айының алғашқы жексенбісінде еліміздегі Көлік қызметкерлері төл мерекесін атап өтеді. Соның ішінде қазақстандық жүз мыңнан астам теміржолшылар да бар. Теміржолшылар елдегі жолаушылар мен жүк тасымалын қамтамасыз етіп отырса, мемлекетіміздің ілгері қарыштап, дамуына теміржол саласының қосып отырған үлесі зор. Мереке қарсаңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның кәсібилігімен, біліктілігімен, еңбегіне адалдығымен көзге түсіп, ұжымының алдында үлкен абырой-беделге ие болған еңбеккерлерін әртүрлі наградалармен марапаттау дәстүрге айналған. Сонымен теміржолшылар үшін ең мәртебелі награда – «Құрметті теміржолшы» белгісімен биыл 95 адам, «Үздік басшы» белгісімен 32 адам, «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен 87 адам, «Кәсібі бойынша үздік» наградасымен 132 адам, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен 700-ге жуық адам марапатталды.



ЕЛОРДА ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ ЖҮК ҚАҚПАСЫ

Алматы ауданына қарасты «Теміржолшылар» тұрғын алабындағы Қырқыншы – осы өңірдегі ең байырғы теміржол бекеті. 1931 жылы Целинный теміржолы Ақмола бөлімшесінің екінші класты стансасы ретінде құрылған. Бүгінде 92 жылдық тарихы бар бірінші санатты стансада елордаға ғана емес, Ақмола өңіріне вагондармен келетін барлық жүк қабылданып, түсіріледі.

Әкімшілік ғимаратының алдынан бізді станса бастығы Алексей Чернай жылыушырай және тілшілер келе жатыр деген соң, сәл толқыныспен қарсы алды. Өзі де теміржолшылар әулетінен шыққан ол үш жылдан бері осы мекемені басқарып, бес бағытта теміржол тасымалын жүзеге асыратын станса жұмысын үйлестіріп отыр.

– Бұл жерге негізінен, жүк пойыздары тоқтайды, сонымен қатар 1 жолаушылар, 2 электр пойызы аялдайды. Тек Астана қаласына ғана емес, жалпы Ақмола облысына пойызбен жеткізілетін жүктердің барлық түрлері осы стансадан түсіріледі және кететін жүктер тиеледі. Мұндай ауқымды жүк тиеу, түсіру жұмыстары ескі Астана-1 стансасында да жүргізілмейді. Сондықтан Астананың, жалпы Ақмола өңірінің экономикасы үшін Қырқыншы стансасының маңызы зор, – деп бастады сөзін ол.

Кезінде Ақмоланың іргесіндегі жалғыз белді ауыл болған Теміржолшылар кентінің атауы осы стансамен байланысты пайда болған. Себебі мұнда, негізінен, стансада қызмет ететін теміржолшылар өмір сүрген. Ал бүгінде қала кеңейіп кентке дейін жеткендік-

тен, елорданың шет аймақтарының бірі ретінде дамытылуда. Дегенмен әлі де бұрынғы атауына сай сипаты мен маңызы өзгерген жоқ. Өйткені Ақмола астана болып ауысқаннан кейін мұндағы жүк айналымы одан сайын арта түсті. Ақмола жүк тасымалы бөлімшесі бойынша жүк айналымының ең көп бөлігі осында жүзеге асырылады.

– Жолаушылар пойыздары көп тоқтамайтындықтан, мұнда вокзал салынбаған. Дегенмен үш пойызға мінетін жолаушылар үшін әкімшілік ғимараты жанына қыста жылытылатын контейнер қойдық. Бізде бірінші кезекте барлық әлеуметтік маңызды жүктерді түсіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл жүктер – елордадағы жол салу, тұрғын үйлер құрылысы үшін аса қажет цемент, кірпіш, плита сияқты құрылыс материалдары және күзде жеткізілетін көмір. Маусымдық жұмыстар кезінде қала және Алматы ауданы әкімдіктерімен тығыз жұмыс жүргіземіз. Одан басқа да нарықта қандай жүк түрі бар, соның бәрі осында келіп, жан-жаққа таралады. Осы жүктерді қабылдап алатын 90 кірме жол бар, сол жолдарда тәулігіне 300 вагон жүк түсіріледі.

Жүктерді жөнелту және қабылдап алу қызметіне тапсырыс беретін 240 клиенттің көңілін тауып, олармен бірлесе жұмыс істейміз. Станцияда 16 жол болса, соның бесеуі – жолаушылар пойыздарын өткізуге, төртеуі – вагондарды жуып, тазалауға, қалғандары жүк пойыздарын жөнелтуге арналған, – дейді А.Чернай.

Станса аумағында ірі өндірістік аймақтың болуы, бірнеше алып зауыттардың орналасуы да теміржол тасымалының жүгін еселей түседі. Биыл жыл басынан бері стансада 46 мың вагон жүк түсірілген. Бір вагон 50 тоннадай жүктен тұрса, барлығы – 3 миллионнан астам тонна жүк түсірілді деген сөз. Теміржолшылардың айтуынша, станса екі қайта құру кезеңінен өткен. Біріншісі 1985 жылдары Целиноград қаласын дамыту үшін құрылыс нысандарын салумен байланысты жүк айналымының өсуіне байланысты болған. Сол кезде шағын бекет тораптық және жүк станциясы деген мәртебе алған. Екінші қайта құру «Нұрлы жол» вокзал кешенінің ашылуымен байланысты болды.

Мекемеде 124 теміржолшы еңбек етсе, соның 30 пайызы аталған кентте өмір сүреді. Соның ішінде 5 станса кезекшісі, 9 пойыз құрастырушы, 5 кезекші көмекшісі, 14 тауар кассирі, маневрлік диспетчерлер, жүк қабылдап, жөнелтушілер, кеңсе қызметкерлері бар. Олардың арасында 143 жылдық еңбек өтілі бар әулеттердің өкілдері жұмыс істейді.

ҚЫРҚЫНШЫДА ТУҒАН КЕЗЕКШІ

Стансаның теміржол жағалай орналасқан екі ғимараты бар. Бірі – әкімшілік, екіншісі – нағыз өндіріс мамандары отыратын ЭЦ-қосыны. Осы қосынның үшінші қабатында «қозғалыстың қожайыны» – станса кезекшілері отырады. Оларды өздері стансаның «ми жүйесінің орталығы» деп те атайды. Өмірінің 39 жылын осында өткізіп, тапжылмай еңбек етіп келе жатқан Жақыпбек Назаровты сол жерде пульт табло алдында таптық. Қаптаған қара телефондардың бірінен соң біріне жауап беріп, келген пойыздар қозғалысын реттеп, қауырт жұмыс үстінде отыр екен.

Тәулік бойына жалғасатын тоқтаусыз тасымал, арасы үзілмейтін пойыздар қозғалысын реттеуде, оларды станса жолдарына уақытына, санатына, жүк түріне қарай бөліп орналастыруда станса кезекшісінің білгірлігі мен тәжірибесі аса қажет. Білікті маман болмаса, үсті-үстіне келіп жатқан пойыз вагондары кептетіліп, не әрі, не бері шыға алмай, жетер жеріне жете алмай қалуы мүмкін. Осындай істі атқарудағы шеберлігі сан жылдық тәжірибемен келген Жақыпбек Жаналыұлы енді

болатынымды нақты анықтауыма әсер етті. Ақыры еңбек жолымды 1984 жылы осы жерде парк кезекшісі болып бастадым. Ол кезде стансада тек 9 жол бар еді. Одан бері көп нәрсе өзгерді. Қырқыншы дамып, өркендеді. Ең бастысы, жұмыс жеңілдеді. Компьютер арқылы «Гид Урал» ақпараттық жүйесімен жұмыс істей бастағаннан кейін барлық бағыттан келе жатқан пойыздарды өзіміз көре алатын болдық. Бұрын олардың келе жатқанын орталық диспетчердің хабарлауы арқылы



екі жылдан соң зейнетке де шығады. Оның тағы бір ерекшелігі – өзі нағыз осы жердің тумасы болуы. Қырқыншыда туып, сонда 50 жыл өмір сүріп, аталған мекемеде табан аудармай жұмыс істеп келеді. 11 жылдан бері Астананың өзінде тұрады. Теміржолшылар отбасынан шыққан оның әулетінің саладағы еңбек өтілі жүз жылдан асады. Туған екі қызы да – теміржолшы.

– Әкем осы стансада 1960 жылдары кезекші, анам техникалық кеңсе қызметкері болып өмір бойы еңбек еткен. Нағашы атам соғыс кезінде паровоз машинисі болған. Көзімді ашақлы көргенім теміржол болды. Ата-анамның жұмысқа бара жатқаны, келе жатқаны, киген жұмыс киімдері, жұмыс орнына барғандағы алған әсерім менің болашақтағы

біліп отыратынбыз. Мұнда Павлодардан келе жатқан пойыздарды Қарағандыға бұрамыз. Ол пойыз Астанаға бармайды. Елорданың Қырқыншысыз дамуы мүмкін емес. Қаладағы кәсіпкерліктің, құрылыстың, басқа да көптеген саланың дамуы үшін қажетті жүктер тек қана Қырқыншыдан түсіріледі. Жалпы бұл Қазақстан бойынша 5 бағытта жұмыс істейтін жалғыз станса, – дейді кейіпкеріміз.

Оның міндетіне – стансаға тәулігіне келетін 30 жұп жүк, 20 жұп жолаушылар пойызының қозғалысын үйлестіру кіреді. Салаға сіңірген еңбегі бағаланып, талай рет марапаттарға ие болған. Атап айтқанда, теміржолдың «Үздік маман» және «Адал еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталған.

Дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

Астана қаласының Білім басқармасы қала сыртында орналасқан «Боровичок» сауықтыру орталығында жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша баспасөз туры өткізді. Оған Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев қатысты.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ КӨҢІЛДІ

– Біз мұнда балаларға арналған жазғы демалыстың қалай өтіп жатқанын көрсету мақсатында осы іс-шараны ұйымдастырып отырмыз және ол «Абай күнімен» тұспа-тұс келіп тұр. Осы жазғы маусымды Абай күніне арнап, ақынның тағылымын жеткініштерге танытуды мақсат еттік. Бір маусым – Астана күніне, бір маусым – Балаларды қорғау күніне арналды. Балалардың он күнде демалып қана емес, қандай тәрбие алуына қатты мән береміз, сондықтан да оқу жылының аяғында, мамыр айында жазғы лагерьдегі тәрбиелік жұмыстардың тұжырымдамасын бекітіп, сол бойынша жұмыстар қолға алынды. Оның ішінде ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін тәрбие жұмыстарына баса көңіл бөлдтік. Келесі жылы да бұл жұмыстар жалғасын табады. «Арман», «Боровичок» жазғы сауықтыру лагерьлеріне барлық оқушыны қамту мүмкін емес, сондықтан, қала мектептері жанындағы лагерьлерде осы жұмыстар тұрақты түрде жүргізілді. 1-4 сынып аралығындағы жас балаларға арналған бастауыш сынып лагерьлері, сондай-ақ биылдан бастап 65 тақырыптық лагерьлер тілдерді үйретуге, еңбек, көркемсурет салу және жылдан жылға қарқынды дамып жатқан спорт бойынша жұмыс жасаған лагерьлер белсенді еңбек етті. 1 тамыздағы мәліметке қарасақ, жоспарланған 2 мыңнан астам баланың мың жарымы демалып үлгерді, қалған екі маусымда 500-дей бала демалып, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын қорытындылаймыз. Жалпы, ұлттық құндылықтарға бейімделген тәрбие жұмыстары лагерьде ғана емес, қала мектептеріне де енгізіліп отыр. Былтырдан бері осы бағытта қанатқақты жоба іске қосылды, әуелі 5 мектептің базасында, осы оқу жылында оның саны 20-ға жетті. 2025 жылға дейін қаладағы барлық мектептерде ұлттық құндылықтарға бейімделген тәрбие жұмыстары жүргізілетін болады. Ең алғаш осы қанатқақты жоба №8 мектепке енгізілген кезде оң өзгерістерді байқадық, балалар сабақтан кешікпей, олардың сабаққа келмеуі мүлде азайды, оқушылар арасындағы тәртіп бұзушылық та нөл деңгейінде көрінді – бұл, әрине, педагогтармен жүргізіл-



ӘРІ ТЫНЫҒАДЫ, ӘРІ ШЫНЫҒАДЫ



ген үздіксіз тәрбие жұмысының нәтижесі деп айта аламыз, осы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Жалпы, бүгінгі таңда қала мектебіндегі 200 мыңдай баланың 98%-ы демалып үлгерді деп айтуға болады, оның ішінде әлеуметтік осал топтарына қатысты 1100 бала бар, – деді Қасымхан Сенғазыев баспасөз туры кезінде.

– Біздің орталықтың қарамағында «Арман», «Боровичок» жазғы сауықтыру лагерьлері бар. «Арман» лагерьінде бір мезгілде 240 баланы қамтымыз, биыл 7 маусым бойы балаларды қабылдадық. «Боровичок» лагерьінде бір мезгілде 160 баланы қабылдап отырмыз. Әр жолдаманың құны – 42 000 теңге. Негізінен, жолдамамен астаналық оқушылар 8-15 жас аралығындағы аз қамтылған, әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан жеткіншектер, көпбалалы отбасынан шыққан балалар, Балалар үйінің тәрбиеленушілері келеді. Басқа өңірлерден, Қарағандыдан,

Батыс Қазақстаннан, тағы басқа аймақтардан оқушылар тұрақты келіп жүр. Мектептермен келісім-шарт жасалған. Лагерьге барғысы келген ата-ана өтінішін жазып, баланың мектебіне барады, одан конкурс қорытындысымен жолдама оқушыға беріледі. Арнайы медицина қызметкерлері жұмыс істейді. Жазғы лагерьдің әр маусымы түрлі бағыттарға бөлінді, мысалы, спорттық, мәдени, интеллектуалдық шаралар, тағы басқалар. Бүгін, міне, 5-маусым аяқталды, ертеңнен 6-маусым өз жұмысын бастайды. Бір маусымда 400 бала келсе, барлығы 2800 оқушыны жазғы демалыспен қамтып отырмыз. Мектептер жазғы лагерь базасында өздерінің қызықты танымдық, мәдени іс-шараларын үнемі ұйымдастырады. Бүгінгі «Абай күніне» арналған іс-шара осы жоспар бойынша тұрақты ұйымдастырылып, өткізіліп жүр. Баланың он күндегі жетістіктеріне орай оларға медаль, кішігірім сыйлықтар, дипломдар беріледі,



Елордада жазғы кезеңде балалардың шамамен 98%-ы жазғы лагерьмен қамтылды. Бұл 1-ден 10 сыныпқа дейінгі 186 мыңнан астам оқушы болса, оның ішінде аз қамтылған және жетім балалар шамамен 10 мыңды құрайды. Қаланың білім беру ұйымдарының базасында 155 демалыс лагерьі, оның ішінде 85 мектеп жанындағы лагерьлер жұмыс істеді

жалпы, тәрбие жұмыстары екі тілде жүргізіледі, – деді Астана қаласы әкімінің Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығының директоры Мәлс Абенев.

АУАНЫҢ ӨЗІ – ЕМ

Баспасөз турына қатысқан журналистер лагерьді аралап, балалардың жатын бөлмелерін, тамақтанатын, ойнайтын, демалатын орындарын көрді. Бұрын тек қана балалар үйінің тәрбиеленушілерін қабылдаған жазғы лагерь 2020 жылдағы пандемия кезінен бастап басқа балалар мен жасөспірімдерді жолдамамен қабылдай бастаған.

Мұндағы ауаның өзі – ем, мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш – қарағай мен бұршкінің пайдасы орасан зор. Қарағайдың бұршкітері, эфир майы және шайыры бронхит, өкпе ауруларына қарсы өте пайдалы. Итмұрын, тағы басқа өсімдіктер бар. Мұнда келген балалар уақытын тиімді өткізіп қана қоймай, денсаулығын нығайтып, шынығады.

Шынында да таза ауамен тыныстап, жаңа достар тауып, ұлттық құндылықтарға бейімделген тәрбие балалардың жазғы демалысының сәтті өтуіне, есте қаларлықтай болуына әсер еткені жүздерінен айқын көрініп тұрды.

«АБАЙ КҮНІ» АТАЛДЫ

«Боровичок» сауықтыру орталығы таныстырылып, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туған күніне арналған іс-шара өткізілді. Ел руханияты үшін айрықша мереке саналатын «Абай күні» жас жеткіншектер арасында дәріптеліп, тағылымы мол мерекеге айналды.

«Абай ауылы», «Тоғжан ауылы» киіз үйлері тігіліп, жиналғандарға театрландырылған көрініс көрсетілді. Абай тұлғасын дәріптеу дәрісі өткізіліп, ақынның шығармаларынан үзінділер оқылып, Абайдың асыл мұраларына арналған көрме ұйымдастырылды. «Абай ауылы» үйін қаладағы №88 мектеп-лицейі тіксе, «Тоғжан ауылы» үйін Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия ұйымдастырып, ашық аспан аясында таңғажайып этноауылды тамашалап қайттық. Ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрлерге сай көріністер, жүн сабап, ұршық ирген, кесте тоқыған апа-әжелер бейнесіндегі педагогтарды көріп, қаймағы бұзылмаған қазақы ауылға барғандай күй кештік.

«Көзімнің қарасы» атты Абай әндеріне арналған он кеші таңғажайып мереке болды. Оқушылар,

тәлімгерлер, педагогтар Абайдың әндерін нақышына келтіре орындады. Ән қанатында тербелген оқушылар ашық дала аспаны астындағы керемет басқосуға куә болды.

«Абайдың асыл мұрасы» атты бағдарламада ұлы ақынның балалық шағы, жастық кезеңдері, өлеңдері мен қара сөздері үш тілде өрнектеліп, келушілерді тамсантады.

Лагерьдегі шарада абайтанушы, Абай шығармашылығы мен мұрасын тануда айрықша мәні бар бастама көтеріп, «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығын ашып, елордада аталған орталықтың негізін қалаған ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Абайтану» орталығының директоры Алмахан Мұхаметқалиқызы жиналғандарға тағылымды әңгіме айтты.

– «Әр қазақтың санасында Абай жайлы түсінік болу керек. Абай күні ғылыми-танымдық бағытта алқалы жинақтармен, Абай мұрасын терең зерттеуге арналған іс-шаралармен өту керек. Тамыз айын толықтай Абай айы деп атасақ артық емес» деп ұлы Абайдан, шығармаларынан тағылым алу керектігін балаларға, тәлімгерлерге түсіндірді.

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының оқушысы Досмұхаммед пен Рахметолланың оқыған Абайдың өлеңдері мен қара сөздері тыңдаушыларды тәнті етті.

Абай күніне арналған іс-шара «Ұлттық ойындар» атты тоғызқұмалақ, қазақша күрес, асық ойындарынан интеллектуалды сайыспен қорытындыланды. Жеңімпаз балаларға «Қасым» баспасынан шыққан жаңа кітаптар табыс етілді.

ҚАНША ОҚУШЫ ЛАГЕРЬГЕ БАРДЫ?

Елордада жазғы кезеңде балалардың шамамен 98%-ы жазғы лагерьмен қамтылды. Бұл 1-ден 10 сыныпқа дейінгі 186 мыңнан астам оқушы болса, оның ішінде аз қамтылған және жетім балалар шамамен 10 мыңды құрайды. Қаланың білім беру ұйымдарының базасында 155 демалыс лагерьі, оның ішінде 85 мектеп жанындағы лагерь, 68 бейіндік лагерьлер жұмыс істеді. Жазғы лагерьдің 1, 2, 3 кезеңінде 134 494 бала қамтылды. Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының «Балалықтың бойтұмары», М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының «Жазғы шығармашылық мектебі» лагерьлерінде 462 бала қамтылды, оның ішінде 120 бала «Ақниет» қоғамдық қорының демеушілігімен тегін демалды.



P.S: Жұырда Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен жазғы лагерьлерге барып, жағдайымен танысты. Ол «Арман» мен «Боровичок» ғимараттары – кешегі Кеңес одағы кезінде соғылған нысандар. Барған кезде ескі ғимаратты жағдайы бірден көзде түседі. Әкімшілік жұмысына қатысты сын да аз емес» дей келе, аталған демалыс орындарында көрсетілетін қызметтердің сапасы мен балалар санын арттыру, жақсы табиғи-климаттық жағдайы бар жерде орналасқандықтан, бұл демалыс орындарының жыл бойы жұмыс істеу мүмкіндігін қарастыру үшін Астана қаласының Білім басқармасына жақын арада нақты ұсыныс енгізуді тапсырды. Оның айтуынша, ғимараттарды күрделі жөндеуден өткізу мәселесін дереу шешу қажеттілігі де туындап тұр.

Облыста өткен жылы әскери есепке тұрып, азаматтық міндетін орындамаған – 4000, медициналық тексеруден өтпеген – 200, әскери есеп құжаттарын қасақана бүлдіріп немесе жоғалтқан – 2800, барлығы – 7000 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Таңатар
ТӨЛЕУФАЛИЕВ

ШЕКАРА АСЫП
КЕТКЕНДЕР БАР...

Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы Медет Тұрыскелдиевтің айтуынша, жеткіншектерді әскер қатарына дайындау мектеп қабырғасынан бастап қолға алынуда екен. Алғашқы әскери дайындық пәні білім ұяларында қайтадан енгізіліп, оқушылардың отансүйгіштік сезімдерін оятуға мол септігін тигізе бастапты. Ұл баланың Отан қорғау міндетін ерте бастан ата-ана да мектеппен қатар бойына сіңіре білуі маңызды. Кейінгі кезде осындай үгіт-насихат жұмыстарының жандана бастағанына қарамастан, әскерге баруға онша құлшыныс танытпайтындар қатары азаймай отыр.

Көктемде Қазақстанның көші-қон полициясы елінде жарияланған әскер қатарына шақырудан қашып, шекарамыздан күні-күні ағылған Ресей азаматтарына қалай тоқтау қоярын білмей біраз дағдарып еді. Енді біздің кейбір әскерге барудан бой тасалаған ұландарымыз Ресей Федерациясына өтіп кетіп жатқан көрінеді. Егер нақтырақ айтсақ, Солтүстік Қазақстан облысында 200-ге тарта әскерге шақырылған жас жігіт бір күнде көрші елдің шекарасын асыпты. Мұны бас әскери прокурордың бірінші орынбасары Мақсат Қалиев те растап отыр.

Ал Солтүстік Қазақстан облысының Қорғаныс істері департаментінің бастығы Марат Кәрімов көктемгі әскерге шақыру кезінде аймақта Отан алдындағы борышын өтеуге міндетті ұландардың әскери комиссариатқа тек 37 пайызы ғана келгенін айтады.

Облыста өткен жылы әскери есепке тұрып, азаматтық міндетін орындамаған – 4000, медициналық тексеруден өтпеген – 200, әскери есеп құжаттарын қасақана бүлдіріп немесе жоғалтқан – 2800, барлығы – 7000 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Міне, осы фактілерден-ақ, қазір әскерге ұлдардың көбінің барғысы келмейтінін аңғаруға болады. Оның себебі неде?

– Оның басты себебі – әскерде қазір тәртіптің нашарлап кетуі, – дейді Астана қаласының тұрғыны, доғарыстағы полковник Алғанбай Бекболұлы.

«Жақында әлеуметтік желіден сақа солдаттардың жаңа келген жас сарбаздарды ұрып-соғып, «қатарларына қабылдап жатқанын» көрдім. Оқиға Маңғыстау облысындағы бір әскери бөлімшеде орын алған болса керек. Желіге сол жақтың бір жігіті жүктепті. Ал осыны көріп отырған ата-ана баласын әскер қатарына жібере ме? Бұ-



ӘСКЕРДЕН ЖАЛТАРУДЫҢ АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

Астана қаласының тұрғыны Ермек Әлпейісов «баламды армияға жібергім келмейді» деп әскери комиссариатқа өтініш жазыпты. Басты келтіретін уәжі – қазіргі әскерде тәртіптің нашарлап кетуі, кейбір таныстарының балаларының жарақат алып, үйіне мүгедек болып оралуы. «Ұлым – отбасындағы жалғыз перзент. Сондықтан оны осы күзде келетін әскер қатарына шақырту кезінде кейінге қалдыруыңызды сұраймын» деген жазбаша өтінішті алған әскери комиссар біраз ойланып қалды. Заң бойынша Отан алдындағы борышын денсаулығы жарамды он сегіз пен жиырма сегіз жастың аралығындағы әрбір азамат өтеуге міндетті. Бірақ кейінгі кезде осындай әскери міндетін өтеуден жалтару көбейіп барады.

дан кейін он сегіз жасқа жаңа толған бозбалаға «армияға бар, Отаныңды қорға» деп қалай айта аласың?».

КӨБІНДЕ ҮРЕЙ БАСЫМ

Таяуда Жамбыл облысының бір әскери бөлімінде міндетін атқарып жатқан Нұрсұлтан Бекеев атты жас сарбаз үйіне мүгедек болып оралды. Оны о баста «түнгі кезекшілікте тұрғанда өзі құлап қалып, есін жоғалтқан» деп госпитальге жатқызылған. Екі ай емделген бала әлсін-әлсін есінен та-



Егер нақтырақ айтсақ, Солтүстік Қазақстан облысында 200-ге тарта әскерге шақырылған жас жігіт бір күнде көрші елдің шекарасын асыпты. Мұны бас әскери прокурордың бірінші орынбасары Мақсат Қалиев те растап отыр

нып қала беретін болғасын, амал жоқ еліне қайтарған. Ал ауылына келгесін дәрігерлер сарбаздың басы мен бауырынан ауыр соққы алғанын анықтаған. Анасы жалынып отырып сұрағанда, сарбаз баршындықты жайып салыпты. Ал шындығында оны ротада түнгі кезекшілікте тұрғанда (дневальный) «Н» атты аға сержант «неге ұйықтайсың?» деп бүйірінен теуіпті. Алдында асханаға картоп тазалауға барған солдат қатты шаршағандықтан, көзі ілініп кеткен болса керек. Оң жағынан тиген қатты соққыдан басымен табалдырыққа соғылып, есінен танып қалыпты. Сосын біраз уақыттан кейін есін жиған оны сержант оңаша шығарып, «егер осы оқиға туралы біреуге тіс жаратын болсаң, күн бермеймін» деп қоқан-лоққы жасап, қорқытқан.

Міне осындай әлімжеттік пен зорлық-зомбылық қазақстандық әскерге шақырылушыны үрейлендірмейді дейсіз бе? Үрейлендірмек түгілі, олар болашақ өмірлеріне қауіптенеді де. Сосын да Қазақстан армиясының қатарына барғысы келмейді.

Полковниктің ойынша, жігіттердің әскерден жалтаруының тағы бір себебі – жастарының үлкейіп кетуі. Елімізде әскерге 28 жасқа

дейін шақыртады. Ал сол 28 жасқа жеткен сақа жігіт ертең өзінен сегіз-тоғыз жас кіші «балаға» қалай бағынамын немесе онымен сапта қалай қатар тұрамын? деп ойлауы мүмкін. Сондықтан қазір әскерден жалтарушы қалың топтың көпшілігі осы сақа жігіттер емес пе екен? Тағы бір факті, менің алыс жамағайыным болып келетін кісінің баласы жаңа бизнес бастап, ісі оңғарыла бастағанда, әскерге шақыртып, не істерін білмей алашапқын болып жүргенін естігенмін. Бірақ мұның бәрі себеп емес. Жасы толған адам Отан алдындағы борышын өтеуге міндетті. Әйтпесе, қылмыстық жауапкершілікке тартылуы әбден мүмкін.

ТАКТИКА ӨЗГЕРДІ

Расында да әскерден жалтарғандар жауапкершілікке тартылады. Оны әр ата-ана да, әр әскерге шақырылушы да білуі тиіс. Қазақстан Республикасы Қорғаныс Күштері Бас Штабының ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінде әскери комиссариаттардың полициямен арнайы байланыс база бар екендігін, әрі сол арқылы кез келген әскерден жалтарған ұланды анықтауға болатындығын айтады. Егер тәртіп бұзушы Қазақстан ше-



Ер балаларға бұрын Отан алдындағы борышын өтеу – асқан құрмет еді. Қазір әскери комиссариаттағылар олардың сондарынан қуып жүретін болған. Оның бір дәлелі биылғы көктемгі шақыру кезінде әскерге жарамды 35000 шақырылушыға іздеу жарияланды

карасынан өтіп кетпеген болса, оның мекенжайы мен жұмыс істейтін жерін полиция бірден тауып алуы керек.

Жасыратыны жоқ, тұрмыстың қиындығынан ба, әлде қазіргі жастар әлжуаз болып кетті ме, медициналық комиссия кейінгі кезде әскерге шақырылушылардың тең жартысының денсаулығынан кінәрат тауып жүр. Көбі – майтабан. 15-20 пайызының қан қысымы төмен, немесе асқазан, бүйрек, бауырлары сырқат бо-

лып келеді. Дегенмен, сап-сау бола тұрып, жалтаратындар да аз емес. Міне, олар қатаң бақылауға алынуда.

Шақыру қағазын алып тұрып, әскери комиссариатқа келмегендерге заң бойынша жауапкершілік қарастырылған. Мәселен, Астана қаласының бір тұрғыны көктемде осындай әрекеті үшін соттың шешімімен 200 сағат қоғамдық жұмысқа жегілді. Сондай-ақ, әскери комиссариатқа келмегендерге – бес айлық есептік көрсеткіш (15315 теңге), егер медициналық комиссиядан өтуден бас тартса, 3 АЕК көлемінде айыппұл салынады.

Ал әскерге барудан ашық түрде бас тартып, үнемі бой тасалайтындарға 1 мың АЕК яғни, 3 063 000 теңге немесе 400 сағат қоғамдық жұмыс істеу қарастырылған. Тіпті, кейде сот бір жылға бас бостандығынан айыратын да жағдайлар кездеседі. Егер әскерге барудан жалтарушы өз денесіне қасақана жарақат салатын болса, бұл қылмысты қатаңдататын жағдайға жатқызылады.

Ер балаларға бұрын Отан алдындағы борышын өтеу – асқан құрмет еді. Қазір әскери комиссариаттағылар олардың сондарынан қуып жүретін болған. Оның бір дәлелі биылғы көктемгі шақыру кезінде әскерге жарамды 35000 шақырылушыға іздеу жарияланды.

Осыған байланысты ел үкіметі бұл бағыттағы тактиканы өзгертуге шешім қабылдағандай. Қорғаныс министрлігі де бірқатар іс-шараларды жүзеге асыра бастады. Атап айтқанда, мерзімді қызметтегі әскерилерге кредит қаникулын беру ұйғарылуда. Қазірдің өзінде 3,4 мың Отан алдындағы борышын өтеуші банктердегі несиесін өтеуді кейінге қалдырып отыр. Сондай-ақ, әскер қатарына шақырылушылар ЖОО-ға ҰБТ тапсырмай-ақ түсуге, әскерден кейін екі жыл бойы оқуға конкурссыз (ақылы негізде) түсуге мүмкіндігі бар.

Осының барлығы – жас жігіттер әскерден жалтармай, Отан алдындағы борыштарын абыроймен атқару үшін жасалып жатқан қадамдар. Енді оның қайтарымы да болуы керек.

«Біз, ең алдымен, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға айрықша мән беруіміз қажет. Сонымен қатар, қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Халықтың болмысын және қоғамдық сананы жаңғыртпай, түбегейлі өзгеріс жасау мүмкін емес» деген еді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде.

ҰЛТТЫҚ САНАҒА СЕРПІЛІС БЕРЕДІ



Бұл тұрғыдан келгенде, ұлттық санамызды жаңғыртып, мемлекеттік бірегейлігімізді нығайту үшін елтану, саяси элита өкілдерінің қайраткерлік қызметтерін жария ететін әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар түйісіндегі зерттеулердің маңызды екені анық. Әсіресе, тарих пен әдебиеттануда шынайы деректер мен әдеби мұраларды сабақтастырып, бір-бірі толықтыратын еңбектердің түйісуі белгілі дәрежеде елімізде тарихқа деген танымдық көзқарасты қалыптастыруға негіз болады. Бұл үдеден «Ұлттық санадағы мемлекетшілдік пен бірегейлік: тарихи және әдеби зерттеулер» атты циклдық еңбектің шығатыны сөзсіз. Аталған еңбектің авторлары қатарында отандық тарихшы-ғалым, алаштану мектебінің көрнекті өкілі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев, жазушы, әдебиеттанушы ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай, белгілі тұлғатанушы ғалым, Тарихшылардың ұлттық конгресі басқарма төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі Ерлан Бәтташұлы Сыдықов, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлы сынды ғалымдарымыз тұр.

Ұсынылып отырған зерттеулерде алаштанушы ғалым М.Қойгелдиевтың «Алаш қозғалысы» атты екі кітабы енгізіліпті. Автор XX ғасырдағы Алаш – қазақ ұлт-азаттық қозғалысының оқиғалары мен ерекшеліктері, азаттық үшін күрестің бағыттары, Алаш автономиясын құру жолындағы Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы бастаған саяси қайраткерлердің отарлық езгіге қарсы күресін тың деректер негізінде баяндайды. Алаш – қазақ ұлт-азаттық қозғалысы ел өмірін жаңа сапаға көтеріп, сол арқылы ұлт жадында терең із қалдырған, тарихи құбылыс екендігіне назар аударса, Алаш идеясына тереңдей бойлап, ұлттық идеяның темірқазығы екендігін айқындайтын әдебиеттанушы ғалым Дихан Қамзабекұлының «Алаштың рухани тұғыры» атты еңбегі де аталған циклдың бір парасын құрап тұр. Автор негізінен, алаш ағартушылығының нақты мақсаттарын көрсетіп, рухани тұғырнамасын зерделейді. Автордың «Алаш арқауы» атты еңбегінде де елдік, мемлекетшілдік мәселелерге бойлап, қазіргі қоғамда жиі айтылып жүрген «Алаш қозғалысы», «Алаш партиясы», «Алаш үкіметі» деген ұғымдардың ара-жігін ажыратып, әр атаудың мәнін ашып береді. Алаштанудың тарихи-танымдық бағыты, тілдік-әдеби зерттеулер бағыты, дүниетаным, діни ұстаным, мәдениеттану бағыты, стратегиялық зерттеулер бағыты негізінде қарастырып, алаш ақтандақтарының ұлттық идеясын көрсетеді.

Жас буын ұрпақтың тарихи сана-сезімі мен адамгершілік қадір-қасиетін қалыптастыруда белгілі шығармашылық тұлғаларға арналған еңбектердің де маңызы зор. Ғалым Т.Жұртбайдың аталған циклға енген «Бесігінді аяла!..» монографиясы қазақ халқының ұлы жазушысы М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналса, «Безвременье: Трагедия восстания в Семиречье: (литературно-историческое исследование повести М.Ауезова «Лихая година»)» кітабында М.Әуезовтің «Қилы заман» повесі әдеби-тарихи тұрғыда талданып, Жетісудағы 1916 жылғы қайғылы оқиғалардың көрінісі хронологиялық жүйемен салыстырмалы талдаулар жасалған. Ал автордың «Дәрілқарап (Абайдың сыртқы әлемі: әдебиет-салыстырмалы талдау)» кітабы да Абай қарасөздеріне тереңдей еніп, ұлттық сананы қалыптастырудағы Абай қарасөздерінің мәніне бойлатады. Тарихшы ғалым Е.Бәтташұлының аталған циклға енген мұрағаттық деректер негізінде жазылған «Жамбыл» атты ғылыми-танымдық еңбегінде ақын өмір сүрген дәуір, оның айналасындағы тұлғалар тарихи қарастырылса, автордың «Құнанбай әулетінің тарихы» еңбегінде Құнанбай өмір сүрген кезеңі арқылы Құнанбай мен оның ұрпақтарының өмірі мен қызметі, қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, этнографиясын айқын беруді мақсат еткені байқалады. Автордың «Ахмет Байтұрсынұлов – Учитель Нации» атты кітабы да ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының патшалық Ресей, Алаш қозғалысы хәм Алашорда үкіметі, Кеңес өкіметі тұсындағы ғұмыры мен қызметі жан-жақты тарихи деректермен баяндалған. Сондай-ақ Е.Сыдықовтың «Российско-казахстанские отношения на этапе становления тоталитарной суперэтнической державы» атты монографиясында мұрағаттық деректер негізінде XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Кеңестің тоталитарлық жүйе тұсындағы қазақ-орыс қатынасына байланысты өрбіген оқиғалар дәйекті деректермен берілген. Қазақстан елінің азаматтарының тарихи санасын қалыптастыруда, өткенге бойлай отырып, ұлттық бірегейлікті нығайтудағы және тарихи сананы қалыптастыруда бұл зерттеулердің де маңызы зор. Бұл еңбектер, негізінен, тарихи-өмірбаяндық зерттеулер болып табылады.

Халық өз тарихын, тұлғаларын тағы бір мәрте тануда жаңа сипаттағы деректермен дәйектелген тарихи-әдеби зерттеулерге зәру. Міне, осы тұрғыдан алғанда, аталған кітаптар тарихи шындығын бүгінгі ұрпақ пен қоғамға жеткізген кешенді ғылыми зерттеулер болып табылады. Осындай еңбектер жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайта түсуде серпін берері сөзсіз.

Қорыта айтқанда, «Ұлттық санадағы мемлекетшілдік пен бірегейлік: тарихи және әдеби зерттеулер» атты циклмен ұсынылған еңбек Қазақстан Республикасының А.Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар саласындағы мемлекеттік сыйлығына лайықты деп санаймыз.

Қадыр АХМЕТОВ,
А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор

ӨЛКЕНІҢ ӨРНЕКТІ ШЕЖІРЕСІ ЕДІ

Астана қаласының мемлекеттік архиві қызметкері, Архив ісінің үздігі Ғазиза Исахан ұсынған жазушы Ораз Қауғабайдың мына мақаласында кезіндегі Целиноград қаласындағы облыстық өлкетану музейіне қойылған жәдігерлер жайында жан-жақты айтылған екен. Барында не болды, қай жәдігерлердің қайдан іздеп танимыз дегенге жақсы дәлел болса керек.

Целиноград қаласындағы облыстық өлкетану музейі Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдарда (1923 ж.) ұйымдастырылған. Оның жеті залында 50 мыңға жуық экспонат бар.


Музейде XV-XIX ғасырлардың арасындағы қазақ халқының әлеуметтік өмірі, тұрмысы мен мәдениеті туралы жан-жақты көрсетіледі. Әсіресе, халық шеберлері жасаған ою-өрнек, зергерлік бұйымдар көздің жауын алады. Күміс жалатқан ер-тұрман әбзелдері: үзеңгі, тартпа, құйысқан, өмілдірік және асыл тастары жарқыраған білезік, жүзік, шолпы, зермен кестелеген сәндік сүлгі Орталық Қазақстан қазақтарының тұрмыс мәдениетін нақты бейнелей алады.

Қазақ халқының басындағы ауыр кезең XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы Есіл өңіріне де үлкен зардабын тигізді. Музейде сол кездегі шайқастардың картасы ілінген бөлмеде халық батырларының бірі киген темір сауыт тұр.

Музей іргетасы 1832 жылы қаланған Ақмола (Целиноград) қаласының өткен тарихы жөнінде де кеңінен әңгімелейді. Қала гербіннің суреті тұрған кең залда қаланың көше шамы, оның ұлықтары мен әкімдерінің қызмет дәрежесін көрсететін белгілері, мөрлері орын алған.

Ақмолада XIX ғасырдың соңында аздап жеңіл өнеркәсіп дамыған, музейде Ақмола сабын жасау зауытының мөрі және оның шығарған сабын түрлері сол күйінде тұр. Қала ірі сауда орталықтарымен тығыз байланыс жасапты. Оның ашық жәрмеңке тауарлары: самауран, шай құтылары, тігін машиналары, көптеген мата түрлері Ресейдің жеңіл өнеркәсібі жөнінде түсінік береді. Мұнда капиталист А.Кузнецовтың фарфор зауытының жекелеген бұйымдары бар.

1912-1917 жылдар аралығында қалада бірнеше орта оқу орны болған. Ақмола әйелдер мен ерлер училищесінің мақтау грамоталары, куәліктері өлкенің сол кездегі ағарту жұмыстары жөнінде біршама



XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ, орыс халықтарының достығы мен мәдениетіне арналған. Көрермендер екі ұлт ұл-қыздарының арасындағы махаббат пен сүйіспеншілік сырын шерткен атақты «Дударай» әнінің авторы Мариям Жағорқызының (Мария Егоровна Рекина) қазақша киімімен түскен портретімен жүздеседі. Тағы бір ерекше экспонат классикалық күрестің асқан шебері, осы өлкеде 1871 жылы дүниеге келген, «қазақ даласының батыры» атағын алған күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасовтың (Қара Иван) тамаша чемпиондық наградаларының бірі – оған Түркия мемлекеті берген араб, түрік жазуларымен өрнектелген әдемі кубогы еріксіз қызықтырады. Сондай-ақ палуанның 48 алтын, күміс медальмен алқа тағып түскен сом мүсінді суреті бар.

Қазақстанның Семей, Омбы, Петропавл қалалары сияқты Ақмола да 1890-1897 жылдары айдаудағы социал-демократтардың кесімді мерзімін өтейтін жері болды. Музейде Харьковтен келген социал-демократ Бекарюковтің, «Оңтүстік орыс жұмысшылар одағының» мүшесі А.М. Богомолецтің және листовкалар таратқаны үшін Қорғаннан жер аударылған ұста А.Уфимцевтің суреттері бар. Олар мұнда патша өкіметіне қарсы астыртын жұмыстар ұйымдастырып, саяси үйірмелерге жетекшілік жасаған. Бұл бөлімде 1900 жылы шыққан большевиктердің «Искра» газетінің №1 саны тұр.

рал-майор А.Ф.Наумовтың ерлігімен танысып, олардың пайдаланған жеке заттарын көреді. Майданда шыққан газет, журналдардың қиындылары, плакаттар және әскери киімдер мен кейбір қару ұлгілері сұрапыл соғыстың жанды айғағындай.

КПСС Орталық Комитетінің 1954 жылғы көктемде өткен Пленумы «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы қабылдады. Коммунистік партияның тың көтеру жөніндегі ұлы идеясы осы документте жан-жақты көрініс тапты. Музейдің тың игеруге арналған үлкен екі залы ұлан-ғайыр даладағы алғашқы дүбірлі еңбекті сол шабақты күйінде көрсетуге арналған. «Дала оянып келеді!» атты диорамда шетсіз-шексіз, қыртысты дала бейнеленіпті. Оның дәл ортасында ғұмырында түрлен тісі тіріп көрмеген, мидай жазық жерді таспайды тіліп сокалы трактор келеді. Бұған қарама-қарсы алғашқы тың игерушілердің шатырлары тұр. Оң қабырғадан тұтасқан қалың сурет бұл өлкенің тарихында болмаған ұлы еңбектің бастамасын тек көрерменге ғана емес, бүкіл дүниеге жария етіп тұрғандай. Өлкенің мәңгі тыныштықта жатқан марғасқа даласына тұңғыш борозда салған түрлен түрлері, алғаш себілген тұқым сұрыптары, механизаторлардың киімдері мен техникалық аспаптары, тыңгер жастардың комсомолдық жолдамалары, тағы басқа толып жатқан экспонаттар тың игерушілердің теңдесі жоқ еңбегін барлық жағынан молынан баяндайды.

Қазақстанның алғашқы миллиарды бейнеленген қабырға-стенді де өлке диқандарының 1956 жылы Отан қоймасына қанша пұт астық күйған-ны ірі-ірі цифрлармен айшықты етіп жазылған. Облыста өсірілетін бидай сұрыптарының бума-бума масақтары да көз қызықтырады. Аты аңызға айналған тың тарландары М.Е.Довжик, Л.И.Картаузов, В.Рагузов және Шортандыдағы Бүкілодақтық астық шаруашылығы институтының директоры, ВАСХНИЛ-дің академигі А.И.Бараевтың еңбектері жөніндегі жүйелі стенділер мен олар пайдаланған жеке заттар тыңның тарихи рухын әсерлі жеткізіп тұр. Тың төсіне қонған космонавтар В.Ф. Быковский мен В.В.Аксеновтің облыс диқандарына ескерткіш ретінде тартқан ғарыш экспонаттары музейдің соңғы залына орналастырылған. Сондай-ақ бұл залда өлкенің ғылыми-техника және өнер саласындағы бүгінгі жетістіктері жайында тартымды экспонаттар бар.

Целиноград өлкетану музейі ғылыми негізде жүйелі түрде ұйымдастырылған. Ол Есіл өңірінің сонау алғашқы қоғамдық құрылыс суреттерін бастап, аспандың космос кемесі жүйтікіген қазіргі заманға дейінгі ұлан-ғайыр дәуірден сыр шертуімен ерекшеленеді.

Ораз ҚАЗҒАБАЙ

P.S: Ақмола ел орталығына айналған соң, бұл музей жаңа республикалық мекеме құрамына енгізілді. Қазір елордада өлкетану музейі жоқ.



мәліметтер береді. Сонымен қатар, бұл жерден ұлы ағартушы Ы.Алтынсаринге қатысты тарихи құжаттарды көруге болады.

Елдегі аграрлық дағдарысқа байланысты патша үкіметінің 1889 жылы орыс шаруаларын қоныстандыру тәртібі жөнінде заң шығарғаны белгілі. Бұл заң 1906-1912 жылғы Столыпин реакциясы кезінде қатты күшіне енді. Қазақстанға Еділ бойы мен Украинадан мыңдаған орыс шаруалар келді. Олардың қазақ даласындағы тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы жайында музей ерекше әсер береді. Орыс мұржығының шәркейі мен шалғы-орақтары қоныс аударушылардың өмірін әр қырынан көрсетіп тұр. Олардың туған жерінен айырылып, босқына ұшырауын «Қоныс аударушының өлімі» атты картина ілінген бұрыш жақсы түсіндіреді.

Бұл залдағы біршама экспонат

Экспонатқа бай музейдің үлкен бір залы Ақмола облысында Кеңес өкіметінің қалай орнағанын әңгімелейді. Революционерлер: С.Сейфуллин, Ә.Майкөтов және Н.М. Ирченко сияқты коммунистердің жұмысшы-шаруа өкіметін орнату жолындағы қажырлы күресі кеңінен баяндалады. Ақмола ревкомының белсенді мүшесі болған С.Сейфуллинге арналған жеке бұрышта революционер-ақын пайдаланған «СИ-235» радиоқабылдағышы, қалам мен сия сауығы және кейінгі жылдары алған медаль, ордендері бар.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ақмолалықтардың майдандағы және тылдағы ерліктері сол ауыр кезеңдей көз алдына келеді. Көрермендер Ленинград түбіндегі шайқаста А.Матросовтың ерлігін қайталаған жауынгер И.Скурдиннің және 310-атқыштар дивизиясының барлаушысы С.Қараметдиновтің, Украинаны азат етуге қатысқан гене-

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ЖУСАН ИІСІ

Астанадағы Has Sanat өнер галереясында «Жусан иісі» атты көрме өтіп жатыр. Көрмеге Aduy-Aspan арт тобына мүше суретшілердің туындылары қойылды.



Картиналардың авторлары Бейбіт Әсемқұл, Гүлмарал Тәтібаева, Жеңіс Молдабеков, Әлия Қаныбекова және Наталья Лигай жұрт назарына барлығы 50-ден астам жұмыстарын ұсынды. Олардың туындылары аллегорияларға, қиялдан туған бейнелерге негізделген.

Мәселен, суретші-график, кескіндемеші, инсталляция шебері

Бейбіт Әсемқұлдың «Басып кіру» аталатын картинасы автордың айтуынша, пандемия уақытында салынды. Бұл туынды өмірдің жаңа кезеңі, адам рухының мықтылығы, оның алдынан кездескен түрлі қиындықтарға төтеп беруі, өмірге құштарлық жайында сыр шертеді.

Гүлмарал Тәтібаева – Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі, Қазақстан Суретшілер одағы мен Еуразия дизайнерлер одағының және Еуразия шығармашылық гильдиясының мүшесі. Автордың жұмыстары Қазақстан, Түркия, Голландия, Корея, Латвия, Ресей, Иордания, Ұлыбритания, Қытай және басқа елдердің музейлері мен жеке коллекцияларында сақтаулы. Шығармашылық жолының басында суретші түпнұсқа графика техникасында жұмыс істеген. Оның шығармашылығының жеке бағытын қалыптастырған алғашқы тақырыптардың бірі – «Әскери коммунизм» саясаты, ұжымдастыру салдарынан болған 1919-1922 және 1930-1932 жылдардағы жаппай ашаршылықтың қасіретті кезеңі. Кейіннен Гүлмарал халқымыздың тарихына, мәдениеті мен рухани құндылықтарына, ана мен бала әлеміне, отбасы институтына туындыларын арнады.

Суретші, өнертанушы Динара Нугердің пікірінше, Жеңіс Молдабеков – кеңістігі кең талантты суретші. Оның туындылары білім және мәдениет мекемелерінде өнерді қолдану мәселесін қозғайды. Ал Әлия Қаныбекова өз шығар-



машылығында классикалық бейнелеу өнерінің дәстүрлері мен ескі техникаларды қолданса да, картиналарында жаңашылдықтың лебі еседі. Наталья Лигай болса, суретші ғана емес, дизайнер. Ол жұмыстарында әртүрлі мәдениеттерді тоғыстырады.

Көрме аясында авторлармен кездесулер, олардың шеберлік

сабақтары ұйымдастырылып, Aduy-Aspan арт тобындағы суретшілер туралы түсірілген деректі фильмнің тұсауы кесілді. Онда адыраспан шөбінің қазақ өміріндегі мәні туралы әңгіме айтылып, бес суретшінің шығармашылығы таныстырылады.

Аталмыш көрмені 9 тамызға дейін тамашалауға болады.



«АСТАНА» ЕУРОПА ЛИГАСЫНА ТҮСТІ

«Астана» футбол клубы енді Еуропа лигасында ойнайды.

УЕФА-ның Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде Хорватияның «Динамо Загреб» командасынан екі ойында қатарынан ұтылып қалған (4:0, 0:2) «Астана» енді Еуропа лигасында ойнайтын болды.

«Астана» Еуропа лигасының үшінші іріктеу кезеңіндегі қарсыласы – Болгария елінің чемпионы «Лудогорец» командасы.

Бірінші ойын 10 тамызда Астанада, ал қарымта матч 17 тамызда Разград қаласында өтеді.

Ал Конференция лигасында «Ақтөбе» мен «Тобыл» (Қостанай) келесі кезеңге өтсе, Шымкенттің «Ордабасы» командасы Польшаның «Легия» командасынан ұтылып, жарыс жолынан шығып қалды.



ДАЙЫНДЫҚТЫ БАСТАДЫ

КХЛ чемпионатында ойнайтын астаналық «Барыс» хоккей командасы жаңа маусымға дайындығын бастады.

Гагарин кубогын сарапқа салатын биылғы чемпионатта 23 команда сайысқа түседі. Хоккей алаңдарында Беларусь, Қазақстан, Қытай және Ресей командалары ойнайды.

«Барыс» командасына жаңа бас менеджер тағайындалды. Бұл қызметке қазақстандық спорт функционері Олег Болякин та-

ғайындалды. Бас бапкері Андрей Скабелка команда құрамының жартысына жуығы өзгергенін айтты. Жақында ғана командаға НХЛ-да ойнаған шабуылшы Райли Барбер қабылданды.

«Барыс» КХЛ чемпионатының бірінші ойынын 2 қыркүйекте бастайды. Астанада «Салават Юлаев» (Уфа) командасын қабылдайды.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

БОЛГАРИЯДАН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының өнер ұжымдары Болгарияның Обзор қаласында өткен халықаралық байқаулардан олжалы оралды.

«Вайнах» шешен-ингуш ансамблі «Би жағалауы» халықаралық хореографиялық өнер байқауының бірінші маусымына қатысып, бас жүлдені жеңіп алса, «Оберег» украин қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Василина» хореографиялық ансамблі (жетекшісі

С. Привалова) «Art in motion» халықаралық хореографиялық өнер фестивалі-байқауында жүлделі I және II орындарға ие болды.

«Вайнах» ансамблі байқауға қатысып қана қоймай, жеке концерт беріп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Өнер ұжымының көркемдік жетекшісі Ханифа Мацневаның айтуынша, ансамбль балалар мен жасөспірімдерден құралған. Топ мүшелері өнердегі шеберліктерін ғана емес, тәрбиелілігі мен жоғары мәдениетін көрсетіп, көрермендерді риза қылды.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

КІТАПХАНАЛАРДАҒЫ КЛУБТАР ШАҚЫРАДЫ

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты бес кітапхананың базасында қоғамдық-мәдени орталықтар тегін жұмыс істейді. Сонда ашылған үйірмелер мен клубтардың негізгі міндеттері – балалар мен ересектердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру.

Күн сайын №15 көпшілік кітапханада ағылшын тілі, арттерапия, шахмат және тоғызқұмалақ үйірмелерінің сабақтары өтеді. Ал №5 көпшілік кітапханада аптасына бір рет «Флора» атты өсімдіктерді сүйетіндер клубы мүшелерінің отырысы ұйымдастырылады.

Сондай-ақ «Жетістікке жету жолы» іскерлік әдебиетті сүйетіндер клубы жұмыс істейді. Негізгі міндет – клуб мүшелерін психология, бизнес және коммуникация саласындағы өзін-өзі дамытуға, қоғамда тұлғаны

бейімдеуге, іскерлік мансабын құруға ықпал ететін әдебиеттермен таныстыру. Ай сайын клуб отырысына қатысушылар «Іскерлік әдебиет» жаңалықтарымен танысып, бұрын оқылған басылымдарды талқылай алады.

Балалардың суретші болу арманын жүзеге асыру үшін №3 көпшілік кітапханада апта сайын сурет салу, ересектер мен балаларға арналған арт-терапия курстары өтеді. Арттерапия өмірдің жаңа түстерін ашуға арналған. «Қолөнер» курсына балалар пайдалы және жағымды



интерьер шешімдерінің үйлесімін біріктіре отырып, сәндік қолөнер жасайды.

№12 көпшілік кітапханадағы «Тілдік қоғамдастық» клубы әлеуметтік-мәдени және іскерлік салаларда қарым-қатынас жасауға, мемлекеттік тілде оқытуға ықпал етеді. Оған Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» орталығы мамандары, ұстаздары шақырылып, олар мемлекеттік тілді оқытудан тегін курстар жүргізеді. Жалпы оқу курсы – 4 ай, сабақтар аптасына 3 рет өтеді. Курстар аяқталғаннан кейін білім алушылар тестілеуден өтеді, сертификаттар алады.

№4 балалар кітапханасының «Негештер» клубы бастауыш сынып жасындағы балалардың

ой-өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Кітапхана қызметкерлері аптасына екі рет клуб мүшелерін шақырады. Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне енгізеді. Бірге оқыған кітаптарды, ертегілерді талқылайды. Балаларға ішкі әлемін ашуға мүмкіндік беріледі.

«Железнодорожный» кентіндегі қарт адамдардың бос уақытын өткізуге арналған №4 көпшілік кітапхананың жанындағы «Әже-тәте» клубы мүшелері аптасына бір рет кітапханаға жиналады. Олар бос уақыттарын кітаптар арасында өткізеді, әңгімелеседі, салауатты өмір салтын ұстану тәжірибелерімен бөліседі. Кітапхана қызметкерлері оларға дәрігерлермен, заңгерлермен, психологтармен және т.б. кездесулер ұйымдастырады.